

**"Mastercard-пен бірге керемет футбол" науқанын өткізу ережелері
мен оған қатысу талаптары**
(бұдан әрі мәтін бойынша - "Ережелер")

"Mastercard-пен бірге керемет футбол" ынталандыру іс-шарасы (бұдан әрі - "Науқан") "Mastercard" тауар белгісімен көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ "Еуразиялық банк" АҚ қызметтеріне қызығушылықты қалыптастыру және қолдау мақсатында өткізіледі. Науқанға қатыса отырып, Қатысушылар осы Ережелерді толық қабылдайды және келіседі.

Жалпы ережелер:

1. Науқанды ұйымдастырушы "Еуразиялық банк" АҚ болып табылады, бұдан әрі – "Науқанды Ұйымдастырушы", "Банк" деп аталады.

Науқан операторы "Progression SA" (Прогрэшен Си Эй) Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық д-лы, 447) болып табылады (бұдан әрі – Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша "Науқан Операторы" (бұдан әрі - "Науқан тапсырыс берушісі").

2. Науқан Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

2.1. Жұлделерді ұсыну мерзімін қоса алғанда, Науқанды өткізудің жалпы мерзімі – 2025 жылғы "25" ақпаннан бастап 2025 жылғы "01" маусымға дейін (бұдан әрі – "Науқанды өткізу кезеңі").

2.2. Науқанға Қатысушы бола алатын сатып алу кезеңі – 2025 жылғы "25" ақпаннан бастап 2025 жылғы "13" сәуірге дейін.

3. Науқанға Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматтары және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдар, Банк шығаратын Mastercard® төлем карточкаларын ұстаушылар (бұдан әрі мәтін бойынша – "Карта"), мәтін бойынша – "Карта Ұстаушылар", "Қатысушылар" деп аталатындар қатыса алады. Картаны электронды әмияндардың аталған түрлерінің біріне байлау керек: Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay, Garmin Pay. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалар, сондай-ақ Науқан Ұйымдастырушы мен Науқан Операторының қызметкерлері мен өкілдері, Банкпен ерекше қарым-қатынаспен байланысты, олармен үлестес тұлғалар, Науқан Ұйымдастырушысы мен Науқан Операторымен Науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шарттық қатынастары бар үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері Науқанға қатыса алмайды.

4. Науқанды Ұйымдастырушы мен Қатысушылардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Қатысушы құқылы:

- Науқанды Ұйымдастырушының және Науқан операторының ресми сайттарында Науқанды өткізу мерзімдері мен талаптары туралы ақпарат алу;
- Науқанның Ұйымдастырушысы мен Науқан Операторы туралы мәлімет алу;
-

осы Ережелерге сәйкес Науқан жеңімпазы деп танылған жағдайда Науқан жұлделерін беруді талап етуге құқылы.

4.2. Қатысушының міндеттері:

- осы Ережелерді сақтау, оның ішінде осы Ережелерді белгіленген мерзімде Науқанға қатысуға байланысты барлық іс-әрекеттерді орындау;
- Науқанға қатысуға және жұлделерді алуға байланысты барлық шығыстарды, соның ішінде (бірақ онымен шектелмей) интернет, телефон және т. б. шығыстарды өз бетінше көтеру;
- осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді атқаруға міндетті.

4.3. Науқанды ұйымдастырушының және Науқан операторының құқықтары:

- Науқанды өткізу Кезеңі ішінде осы Ережеге өзгерістер енгізу. Бұл ретте осы Ережелердің кез келген өзгерістері туралы ақпарат ресми интернет-ресурстарда орналастырылады <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/offers-promotions/football2025.html> және <https://eubank.kz/promotions/> (бұдан әрі – Сайт);

- осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, Науқанға Қатысушылармен жазбаша келіссөздерге немесе кез келген басқа байланыстарға түспеу;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына ұсыну үшін Қатысушылардан осы Ережелерде көзделген жағдайларда қажетті ақпарат пен құжаттарды , сондай-ақ өзге де құжаттарды сұрату;
- Науқан жеңімпазы ұтыс туралы хабарламаны алған сәттен бастап күнтізбелік 14 күнге дейін жүлдені талап етпеген, талап етілетін құжаттарды ұсынбаған, дұрыс емес/толық емес деректері бар құжаттарды ұсынған немесе Науқан жеңімпаздары кез келген себептер бойынша бас тартқан жағдайда Науқан жүлделері иегерлерінің жалпы санын азайту. Бұл ретте көрсетілген Жұлделер Науқан аяқталғаннан кейін берілмейді және оны Науқан Ұйымдастырушысы мен Науқан Оператор өз қалауы бойынша пайдаланады;
- Қатысушының осы Ережелердің талабын сақтамау фактісі анықталған жағдайда Науқанға Қатысушыға Жұлде беруден бас тарту.

4.4. Науқанды ұйымдастырушының және Науқан операторының міндеттері:

- осы Ережелерді сақтау, оның ішінде осы Ережелерде белгіленген мерзімде Науқанды өткізуге байланысты барлық іс-әрекеттерді орындау;
- осы Ережеге сәйкес Науқанды өткізуді қамтамасыз ету;
- осы Ереженің 7.1.4-тармақшасында көзделген Науқан жеңімпаздарына Жұлделер беру;
- Науқан Ережелерін Сайтта орналастыру арқылы Науқанға Қатысушыларды оны өткізу Ережелері туралы хабардар етуді қамтамасыз ету;
- жүлделерді беру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Науқанды өткізу барысында Науқанға Қатысушылар алатын жүлделерге салықтардың төленуін қамтамасыз ету.

5. Науқан Ұйымдастырушысы мен Науқан Операторы келесілерді Науқанның мақсаттары ретінде есепке алмайды:

- осы Ереженің 3-т. талаптарына сәйкес келмейтін тұлғалар жасаған операциялар;
- Науқанды өткізу Кезеңінен тыс жасалған операциялар;

6. Науқанға Қатысушы болу үшін сатып алуларды жүргізу Кезеңі аясында келесілерді орындау қажет:

6.1. Ағымдағы Карта Ұстаушысы болу.

6.1.1. Қатысу үшін Науқанды өткізу кезеңінде картаны электрондық әмияндардың аталған түрлерінің біріне төмендегі нұсқауларға сәйкес байластыру қажет: Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay, Garmin Pay:

- Wallet (Apple смартфондарында), Samsung Pay (Samsung смартфондарында), Google әмиян (Android операциялық жүйесі бар смартфондарда), Garmin Pay ұялы қосымшасына кіріңіз;
- Картаңызды сканерлеңіз;
- Картаны Банктен алынған SMS-хабарламадан кодпен байланыстыруды растаңыз немесе электрондық әмиянның қосымша нұсқауларын орындаңыз;
- Картаны электрондық әмияндармен байланыстыру және оны одан әрі пайдалану туралы мәліметтерді төмендегі сілтемелерден қараңыз:
ApplePay <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/contactless/apple-pay.html>
SamsungPay <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/contactless/samsung-pay.html>
GPay <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/contactless/google-pay.html>
Garmin Pay <https://www.mastercard.md/ru-md/personal/ways-to-pay/garmin-pay.html>

6.1.2. Жұлделер ұтысына қатысу үшін Науқанға Қатысушы бүкіл Науқан Кезеңінде жиынтық сомасы 200 000 (екі жүз мың) теңгеден кем емес сомаға ұялы телефонды немесе смарт-сағатты пайдалана отырып, бүкіл әлем бойынша ҚР заңымен тыйым салынбаған кез келген сауда-сервистік кәсіпорындарда тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыруы қажет.

6.2. Науқан Қатысушылары жасаған операциялар Карта бойынша Операцияны тіркеу уақыты бойынша хронологиялық тәртіппен (DD:MM:YYYY) Науқан Ұйымдастырушысы қалыптастырған Науқанға Қатысушылардың

тіркелген Операцияларының жалпы тізіміне енгізілетін болады.
 6.3. Осы Ережелердің 6.1-т. көрсетілген әрекеттерді орындағаннан кейін Карта Ұстаушы Науқанға Қатысушыға айналады.
 6.5. Науқанның бір Қатысушысы жасаған Операциялардың саны шектелмейді.

7. Науқанның жүлде қоры және жүлделерді бөлу тәртібі:

7.1. Науқан жеңімпаздарын анықтау және жүлделерді бөлу тәртібі.
 7.1.1. 7.1.4-т. көрсетілген жүлделердің бірін алуға үміткер болу үшін Науқанға Қатысушы Науқанның бүкіл кезеңі үшін сомасы 200 000 (екі жүз мың) теңгеден кем емес сомаға ұялы телефонды немесе смарт-сағатты пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынбаған кез келген сауда-сервистік кәсіпорындарда тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыруы тиіс.
 7.1.3. Науқанға Қатысушы жалпы сомасы 200 000 (екі жүз мың) теңгеге транзакциялар жасаған жағдайда, Науқанға Қатысушы Жұлдені ұтып алудың 1 (бір) мүмкіндігін алады. Егер Карта Ұстаушы сомасы 200 000 (екі жүз мың) теңгеден бірнеше рет сатып алу жүргізген жағдайда, оның жеңіске жету мүмкіндігінің саны пропорционалды түрде артады. Карта бойынша төлемдердің әрбір 200 000 (екі жүз мың) теңгесі үшін Қатысушыға ұтыс ойынына Қатысушылар тізімінде қосымша жазба жасалады, бұл оның ұтып алу ықтималдығын арттырады.

7.1.4.

| Жұлденің атауы | Саны |
|---|--|
| 1-деңгейдегі жүлделер Мюнхенге UCL финалына тур | Жалпы саны - 2 (екі) түр Турға Мюнхеннің орталығындағы 4 * қонақүйдегі екі адамға арналған бөлмеде тұру (3 күн 2 түн), матчқа 2 (екі) CAT 1 билеті, Мюнхенде әуежай-қонақ үй-әуежай трансфері, Allianz Arena стадионына матчқа және қонақүйге трансфер, брендтік мерчендайзинг* кіреді. |
| 2-деңгейдегі жүлделер МС x UCL мерчендайзингі | MasterCard және УЕФА брендингімен кем дегенде 10 мерчендайзинг жиынтығы, соның ішінде: 1 (бір) рюкзак, 1 (бір) L өлшемді футболка, 1 (бір) суға арналған бөтелке, 1 (бір) кілтке арналған салпыншақ. |

* 1-деңгейдегі жүлделерге үміткер Науқан жеңімпаздары мен Мюнхенге сапарында олармен бірге ілесіп жүрушілер 18 жастан асқан болуы керек. УЕФА Чемпиондар Лигасының финалына арналған турларға кәмелетке толмағандардың қатысуына жол берілмейді.

7.2. Науқанға қатысқаны үшін Жұлделерді бөлу тәртібі:

7.2.1 осы Ережелердің талаптарына сәйкес келетін барлық Қатысушылар жүлделердің ұтыс ойынына қатысады. Жеңімпазды анықтау www.random.org. арнайы компьютерлік бағдарламаны қолдана отырып, әр Қатысушыға берілген реттік нөмірлерді кездейсоқ анықтау арқылы жүзеге асырылады. Жеңімпаздарды анықтау кезінде Науқан Ұйымдастырушысы әр жүлде үшін негізгі және екі резервтік жеңімпаздарды таңдайды.

7.2.2. Ұтыс ойыны Науқан аяқталғаннан кейін 1 (бір) рет өткізіледі. Ұтыс ойынын өткізу күні - 2025 жылғы 16 сәуір.

1-деңгейдегі (негізгі және резервтік) жүлдені жеңіп алған Жеңімпаздарды айқындауды Ереже талаптарын толық орындаған Науқанға қатысушылар арасынан Банк жүргізеді. Ұтыс ойынын тікелей эфирде Банктің @eurasianbank әлеуметтік желісіндегі Instagram-дағы ресми аккаунтында 16 сәуір күні Астана қ. уақыты бойынша сағат 16.00-де көрсетіледі.

7.2.3. Қатысушы Науқанды ұйымдастырушы - Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі 1 банкінен тек 1 жүлдені ұтып ала алады. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі екі банкінен - ұйымдастырушылардан жүлде ұтып алған кезде Науқан Ұйымдастырушысы мен Науқан Операторы Науқан жеңімпазына жүлделердің бірін беруден бас тартуға құқылы.

8. Науқан жүлделерін алу талаптары:

8.1. Ереженің 7.1.4-тармағында көрсетілген жүлделерді алу талаптары, тәртібі және мерзімі:
 8.1.1. Жеке деректерді нақтылау үшін Науқан Ұйымдастырушысының өкілдері Науқан жеңімпаздарымен байланысатын болады.

8.1.2. Жұлделердің Жеңімпаздарына - алушыларына хабарлау Науқанды Ұйымдастырушы - банктің қызметкерлерінен ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде телефон қоңырауы арқылы жүзеге асырылады.

8.1.3. Ереженің 7.1.4-тармағында көзделген жұлделерді алу үшін Жеңімпаз және ілесіп жүруші Науқан Ұйымдастырушысынан ұтыс туралы телефон қоңырауын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Науқан Ұйымдастырушысына мекенжайын Науқан Ұйымдастырушысы телефон қоңырауы кезінде беретін электрондық пошта арқылы келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

- ЖСН міндетті түрде көрсетілген (аты мен тегі Картаны алған кезде банкте көрсетілген деректерге сәйкес келуі тиіс) жеке куәліктің сканерленген көшірмесі (екі жағынан);
- Жеңімпаздың нақты тұрғылықты мекенжайы;
- Ұялы телефон нөмірі.

8.1.4. 1-деңгейдегі жұлделерге үміткер Науқан Жеңімпаздары мен Мюнхенге сапарында олармен бірге ілесіп жүруші серіктестер 18 жастан асқан болуы керек. УЕФА Чемпиондар Лигасының финалына арналған турларға кәмететке толмағандардың қатысуына жол берілмейді.

8.2. Барлық жұлделер жеңімпаздарға 2025 жылдың 01 маусымына дейін беріледі.

8.3. УЕФА Чемпиондар лигасының финалдық матчына билеттерді Науқан Жеңімпаздары матч қарсаңында UEFA Mobile Tickets ұялы қосымшасында алады.

Билеттерді алу үшін Жеңімпазға қосымшаны жүктеу қажет.

9. Науқан Ұйымдастырушысы мен Науқан Операторы келесілер үшін жауапкершілікте болмайды:

9.1. Қатысушылардың өз кінәсінен немесе байланыс ұйымдарының, курьерлік және пошта қызметтерінің кінәсінен немесе Науқан Ұйымдастырушысы мен Науқан Операторына байланысты емес өзге де себептер бойынша Науқан жұлделерін алу үшін қажетті пошта жөнелтілімдерін, мәліметтерді/құжаттарды алмау/уақтылы алмау;

9.2. Науқанға Қатысушылардың осы Ережелерде көзделген міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы) немесе Науқанға Қатысушылардың Науқан туралы ақпаратпен Сайттан таныса алмауы.

9.3. Науқан жеңімпаздары Науқан Ұйымдастырушысы мен Науқан Операторы өкілдерінен телефон қоңырауы арқылы

деректерді жинау кезінде көрсеткен деректердің, байланыс және өзге де ақпараттың дұрыстығын, дәлдігін және дұрыстығын, ал осыған байланысты және Науқан Қатысушылары көрсеткен байланыс телефондары арқылы байланыса алмағаны үшін, сондай-ақ Қатысушылардан алынған ақпаратты Науқан мақсаттары үшін пайдалану мүмкін еместігі үшін, оның ішінде Науқан Ұйымдастырушысы мен Науқан Операторына тәуелсіз өзге де себептерді қоса алғанда, Жұлделер беру мақсаттары үшін;

9.4. Науқан Қатысушылары оларды талап етпеген немесе олардан бас тартқан, сондай-ақ Науқан Ұйымдастырушысы мен Операторына тәуелсіз өзге де себептер бойынша Науқан Қатысушыларының жұлделерді алмауы;

9.5. Қатысушылардың Науқанға қатысуына байланысты олардың өмірі, денсаулығы, моральдық және/немесе психикалық жарақаттары.

10. Науқанның өзге талаптары:

10.1. Қатысушылар Науқан туралы толық ақпаратпен Науқан өткізу кезеңінде келесі сайттарда таныса алады: <https://www.mastercard.kz/football2025.html> және <https://eubank.kz/promotions/>

10.2. Науқан Ұйымдастырушысы мен Науқан Операторы Науқанды өткізу кезеңінде осы Ережелерге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Бұл ретте осы Ережелердің кез келген өзгерістері туралы ақпарат Сайтта орналастырылады.

10.3. Науқанға қатыса отырып, Қатысушы осы Ережемен толық танысқанын және келісетінін растайды, атап айтқанда, бірақ төмендегілермен шектелмей, өз келісімін растайды:

- Ережелерге сәйкес Науқанды Ұйымдастырушының және Науқан Операторының дербес деректерді жинауға және өңдеуге;
- Науқан Ұйымдастырушысы мен Науқан Операторынан немесе уәкілетті үшінші тұлғалардан осы Науқанды өткізуге байланысты ақпараттық SMS-хабарламалар алу.

10.4. Науқан операторы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жұлделерге (ЖТС 10%) салық төлейді және Науқан жеңімпаздарына қатысты салық агенті болады.

10.5. Науқанды Ұйымдастырушы Жеңімпаздар мен жұлде иегерлерін анықтау кезінде осы Ережелердің 10.7-тармағында аталған Қатысушыларды есепке алмайды.

10.6. Науқанды Ұйымдастырушысы мен Науқан Операторы Ережеде заттай нысанда айқындалған Жұлделер құнының ақшалай баламасын төлемейді, сондай-ақ Жеңімпаздардың қалауы бойынша Жұлделерді алмастырмайды. Жеңімпаз (дар) жүлдені алудан бас тартуға құқылы, бұл ретте Науқан Ұйымдастырушысының Жеңімпазға қандай да бір ақшалай қаражат/өтемақы төлеуі жүзеге асырылмайды.

10.7. Науқан Ұйымдастырушысы мен Науқан Операторы бір жақты тәртіпте және себептерін түсіндірмей кез келген уақытта Қатысушылар немесе Жеңімпаздар қатарынан келесі тұлғаларды алып тастауға құқылы:

- Жұлделерді тапсыру үшін осы Ережеде белгіленген құжаттарды, ақпаратты, мәліметтерді ұсынбаған;
- осы Ережелердің 3-тармағына сәйкес келмейтін тұлғалар;
- өзі туралы бұрмаланған ақпарат берген немесе мақсаты Жұлдені негізсіз алу болып табылатын алаяқтық іс-әрекеттер жасағаны туралы күдік туғызған тұлғалар.